

# Егемен Қазақстан

 Egemen.kz

## Түйе өсірмей, тірлік өнбейді

Өңдеуші кәсіпорын өлместің күнін көруге мәжбүр



Түркістан өңірінің тұрғындары ағарғанның төресі – қымыран мен қымызды жыл бойы тұтынады. Ұлттық сусынның қасиетін жақсы білетіндер үшін ауылдан да, қаладан да табылады.

Ауылдағылар өзінен артылғанын қаладағы қымызханаларға өткізіп пайда тапса, үшінші мегаполис Шымкентте ауласына бірнеше бие мен түйе бағып, сүтін саудалап отырған

отбасылар да баршылық. Яғни, жұрттың ағарғанды күнделікті тұтынуына мүмкіндік бар, артығымен ала кеткіңіз келсе сатушының сүт толы ыдысы дайын.

Бірнеше рет қолданылып, «айналымда» жүретін осы «баклашка-ыдыстан» өзгелерді қайдам, Түркістан өңірі құтыла алар емес. Қымыз бен қымыраннан бөлек, аулаларда ауылдың айраны мен сүтін, қаймағын саудалайтындар да тазалығы күмәнді осы ыдысты пайдаланады. Айтайын дегеніміз, «айналымдағы баклашка» туралы емес, түйе мен бие сүтін өңдеп, тұтынушыға сапалы өнім ұсынуы тиіс заманауи зауыт жөнінде еді. Иә, Түркістанда түйе мен бие сүтін өңдейтін «Golden Camel Group LTD» ЖШС кәсіпорны іске қосылғанда жұрт қуанған-ды. Түйе сүтінен дайын ұнтақ өнімін шығаратын зауыттың құрылысы 2017 жылы басталып, 2018 жылдың желтоқсан айында ашылды. Зауыттың тәулігіне түйе сүтін өңдеу қуаты – 100 тонна. Онда құрғақ сүт, балалар тағамы және энергетикалық сусындар әзірленетінін айтып, сүйіншілеген де болатынбыз. Бұл жоба Елбасының «100 нақты кадам» Ұлт жоспарының 60-қадамында сүт және сүт өнімдері өндірісін дамыту үшін стратегиялық инвесторлар тарту міндетін іске асыру аясында атқарылғанын да айтқанбыз. Зауыттың жалпы құны 7 миллиард 456,5 миллион теңге екенін, алғашқы кезеңде 170 адам жұмыспен қамтылатынын да жаздық. Түркістан облыстық әкімдігінің қолдауымен аталған кәсіпорынға 5,5 гектар жер телімі бөлініп, мемлекет есебінен инфрақұрылым бойынша барлық жағдай жасалған жобаға жұмсалған қаржының 98 пайызы қытайлық инвестицияның үлесінде екенін, өндірілетін өнімнің басым бөлігі Қытай, Өзбекстан және Қырғызстанға экспортталатынын да мәлім еттік.

Алайда, іске қосылғаннан бері тұрақты және толық жұмыс істемеген аталған зауыт бүгінде тоқтап қалмаудың амалын жасап келеді. Яғни, толық қуатында жұмыс істей алмауда. Себеп жалғыз – шикізат мүлдем аз.

Тәулігіне 100 тонна сүт өңдеуге қауқарлы «Golden Camel Group LTD» ЖШС бүгінде 2,5 тоннаны қанағат тұтуда, амалсыз. Кәсіпорын басшылары бұл көлем көктемде көбейе түсетінінен үмітті. Аз сүтті өңдеуге 100-ден астам адам жұмылдырылған. Шығарылған өнім, яғни түйе сүтінің құрғақ ұнтағы қоймаға жинақталуда екен. Естуімізше, кейіннен Қытайға жөнелтіледі. Зауыттың толық өндірістік қуатын қамтамасыз ету үшін облыста кемінде 50 мың сауын түйе болуы керек екен. Ресми деректерге жүгінсек, бүгінде Түркістан облысындағы түйе саны – 32 167 бас. Яғни, тағы 37 276 түйе сатып алу керек. «Golden Camel Group LTD» өз тарапынан түйе шаруашылығының дамуына мүдделі, сондықтан олар түйе еті мен жүн өңдейтін цехтарды іске қосуды көздеп отыр. Сондай-ақ зауыт жылына 365 күн нарықтық бағамен және келісімшарт арқылы сүт сатып алуға дайын. Деректерге қарағанда облыс бойынша 20 тауар өндірушімен келісімшарт жасалған, тәулігіне 6 тонна түйе сүті жиналуда. Кәсіпорын сүттің литрін 935 теңгеден қабылдауда екен. Түркістан облысы Кәсіпкерлер палатасының директоры Дінмұхамед Әбсаттаровтің айтуынша, зауыттың іске қосылуына байланысты, өңірде түйе сүтіне деген қажеттілік артқан. Шұбаттан ұнтақталған сүт өнімін шығаратын жалғыз кәсіпорында шикізатты уақтылы жеткізу өте өзекті мәселе. Бір тонна сүт ұнтағы өндірісі үшін 16 тонна шикізат қажет. Бұл орайда, Кәсіпкерлер палатасы ауыл шаруашылығы басқармасымен бірлесіп, аймақта түйе санын көбейту бағдарламасын әзірлеп жатыр екен. Сонымен бірге палата ауылшаруашылық несиелеу институтының қолдауымен несие беру және кепілдендіру бағдарламаларын іске қосу арқылы «Қарапайым заттар экономикасы» бағдарламасы бойынша түйе шаруашылығын дамытуға қаражат бөлуді ұсынып отыр. Сондай-ақ түйе сатып алушылар үшін «Еңбек» нәтижелі жұмыспен қамтуды және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың 2017 – 2021 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына түзетулер енгізу керек. Яғни, «АШҚҚҚ» АҚ үшін несие сомасын 8000 АЕК-ке дейін жеткізу маңызды. Мамандардың айтуынша, жалпы өңірде тәулігіне өндірілетін сүт мөлшері 39,4 тоннадан аспайды, оның зауытқа 4-5 тоннасы ғана жеткізіледі. Яғни, фермерлердің өз өнімдерін тұрақты және кепілдендірілген басқа да сатып алушылары бар.

Облыстық ауыл шаруашылығы басқармасының басшысы Нұрбек Бадырақовтың айтуынша, зауытты түйе сүтімен қамтамасыз ету үшін өткен жылы түйе басын көбейтуге, қызығушылық білдірген тауар өндірушілердің тізімі жасалған. Түйе санын көбейту үшін несие алуға ниет білдірген 10 түйе шаруашылығына бизнес-жоба дайындалып, оның ішінде «АгроНұр Азия» – 100 млн теңгеге (80 бас), «Бижан» шаруа қожалығы – 40 млн теңге (32 бас), «Жел мая» – 140 млн теңге (112 бас) қаржыландырылған. Сонымен қоса «Аграрлық несие корпорациясы» АҚ, «Оңтүстік» ЖШС өңірлік инвестиция орталығы және тағы басқа қаржы ұйымдары басшыларына, сатып алынған түйелерді кепілдікке қою және қаржыландыру мәселесін шешу бойынша ұсыныс жасалыпты. Тауар өндірушілерге «Қарапайым заттар экономикасы» бағдарламасы аясында жеңілдікпен несие алу жолы да түсіндірілген. «Golden Camel Group LTD» ЖШС-нің қысқа мерзім ішінде қуатын арттыру үшін облыс әкімі Өмірзақ Естайұлының тапсырмасымен Түркістан облысында түйе шаруашылығын дамытудың 2020-2022 жылдарға арналған кешенді іс-шара жоспары жасалынды. Жоспарға сәйкес, Арыс, Кентау қалалары мен Отырар, Ордабасы, Созақ, Шардара аудандарында биылға қосымша 3962 інген сатып алынып, соның нәтижесінде өндірілетін сүттің көлемін 14 250 тоннаға яғни 15%-ға арттыру жоспарымызда бар», дейді басқарма басшысы Н.Бадырақов. Былтыр аудандарда 5 сүт қабылдау бекеті ашылыпты. Алдағы уақытта көршілес Жамбыл, Қызылорда, Алматы облыстарының тауар өндірушілерімен кездесулер ұйымдастырып, түйе басы көп шоғырланған облыстарға сүт қабылдау бекеттерін орнату жоспарланған. «Өткен жылы қыркүйекте Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Қытай еліне жасаған ресми сапарында екі ел арасында экспортталатын сүт өнімдеріне және жүн шикізатына қойылатын ветеринариялық-санитариялық талаптар туралы хаттамаға қол қойылған болатын. Осыған байланысты түйе сүтінен дайындалған 10 тонна дайын ұнтақты экспортқа шығару жоспарлануда. Кәсіпорынның үздіксіз жұмыс істеуін қамтамасыз ету үшін «1000 басқа арналған сауынды түйе кешенін салу» жобасын іске асыру қолға алынып, бизнес-жоспары дайындалуда», дейді басқарма басшысы. Сондай-ақ түйе шаруашылығын дамыту үшін көршілес облыстардан және облыстағы түйе шаруашылығымен айналысатын тауар өндірушілердің, қаржы ұйымдары басшыларының қатысуымен ауқымды семинар-кеңес ұйымдастырылмақ.

Осылайша өнімін әлемнің озық медицинасы мойындап, өркениетті елі мақұлдасып жатқан түйе малын көбейтуге оң қадам жасалуда. Түйе шаруашылығының дамуы жаңа жұмыс орындарын ашуға мүмкіндік беріп, өңірдің экономикалық әл-ауқатына оң әсер ететіні анық. Қазақта «түйе – кедейдің малы» деген де сөз бар. Басқа түлікке қарағанда оның күй талғамайтын артықшылығына байланысты айтылса керек. Дегенмен, өкінішке қарай, осы «кедейдің малы» әзірге өңірде көбеймей, тәулігіне 100 тонна сүт өндейтін ірі зауыттың тірлігі де өнбей тұр.

**Ғалымжан ЕЛШІБАЙ**